

14-тапсырма

1. Курстық жұмыс пен дипломдық жұмыстың айырмашылығы неде?
2. Курстық жұмыстың (жобаның) мақсаты мен міндеті қандай?
3. Курстық жұмыспен(жобамен) шұғылданудың жеке кезеңдерін атаңыз
4. Курстық жұмыстың құрылымы қандай?
5. Курстық жұмысты ресімделуде қандай талаптар қойылады?
6. Дипломдық жұмыстың құрылымы қандай?
7. Дипломдық жұмыс қалай безендіріледі?
8. Сын-пікір дегеніміз не? Сын-пікірді құруда қандай жүйелік сақталады?

1. Курстық жұмыс – ғылыми-зерттеу жұмысы, эксперименттік, теориялық немесе реферативтік және тәжірибелік сипаттағы курстық жұмыс шолуды қамтиды. Теориялық жұмыс әдебиетке шолу, сондай-ақ алынған нәтижелерді талқылаумен бастапқы теориялық зерттеу. Реферативтік жұмыс – толық және жүйеленген сыни шолу нақты ғылыми мәселе бойынша әдебиеттер. Курстық жұмыстардың тақырыптары теориялық және практикалық ғылыми зерттеу мәселелеріне сәйкес келуі тиіс. Жұмыстың өзі баяндау тереңдігімен, ғылыми көзқараспен және жүйелі түрде ерекшеленуі тиіс. Курстық жұмыстың құрылымы мен рәсімделуі:

Титул беті.

Мазмұны.

Кіріспе.

Негізгі бөлім

Қорытынды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

Ал дипломдық жұмыс студенттердің зерттеу қызметінің жаңа деңгейі, оқыту қызметінің бір түрі, оны курс бойында алған теориялық және практикалық білімдерін тереңдету үшін пайдаланады.

Дипломдық жұмыс – студенттің дербес шығармашылық зерттеу жұмыстарындағы педагогиканың өзекті сұрақтарына арналған жұмыс түрі. Дипломдық жұмыстың тақырыбы курстық жұмыстың жалғасы деп санауға болады, рефераттың тақырыбы курстық жұмыспен толықтырылады, ал курстық жұмыстың нұсқасы дипломдық жұмыспен жалғастырылады.

Дипломдық жұмыс көлемі 60 беттен кем болмауы керек. Осы көлемге суреттер, кестелер, графиктер, қолданылған әдебиеттер тізімі кіреді. Титулдық бет дипломдық жұмыстың бірінші беті болып табылады. Титулдық бетте беттің нөмірі көрсетілмейді. Титулдық беттен кейін мазмұны жалғасады. Мазмұнда жұмыстың тақырыптарын жазу арқылы қай бетте не жазылғанын көре аламыз. Мазмұн тәмәмдалғаннан кейін кіріспе. Кіріспе бөлімде мәселелер, тақырыптың өзектілігі, зерттеудің объектісі, зерттеудің мақсаты, зерттеудің тапсырмалары, зерттеудің пәні, қорғалатын мәселе жаңалықтары қарастырылады, яғни кіріспеде дипломдық жұмыстың ғылыми аппараты берілуі керек. Ол 10 беттен кем болмауға тиісті.

2. Курстық жұмысты жазу және оны қорғау студенттің оқу материалын жақсы меңгергенін, нормативтік актілер мен әдеби қайнар көздерімен жұмыс

істеу дағдысын, зерттеудің методологиясын игергенін, мәселенің тарихнамасымен таныс екендігін, зерттеліп отырған объект бойынша субъективтік көзқарасын жеке дәлелді түрде көрсете алатынын және қорытындылай білу қабілетін көрсетуі қажет.

Курстық жұмысты жазудың басты мақсаты – студенттің өткен пән бойынша оқу процесінде алған білімдерін бекіту. Курстық жұмыстың арқасында оқытушыға студенттің алған білімінің сапасын және осы білімді кәсіби мәселелерді шешуге қолдану қабілетін тексеру оңайырақ. Курстық жұмыстың мақсаты тақырыппен тікелей байланысты және зерттеу нәтижесін болжау керек. Мақсат – бұл барлық жұмыс үшін жазылған нәрсе, зерттеу арқылы нақты білгіңіз келетін нәрсе. Әдетте, курстық жұмыстағы мақсат бір ғана болуы мүмкін.

Курстық жұмыстың міндеттері – мақсатқа жету процесін жеңілдетуге арналған. Олар бір-бірімен өзара байланысты, бүкіл сипаттамаға және жұмыстың негізгі мазмұнына сәйкес келеді.

Курстық жұмыстың міндеттері келесідей:

- Зерттеуге алынып отырған нысанды талдау;
- зерттеу;
- анықтау;
- салыстыру;
- жіктеу;
- сипаттау;
- зерделеу;
- зерттеу жұмысының нәтижесін қорытындылау;

3. Курстық жұмыс кезеңдері:

- Таңдалған тақырыптың өзектілігін, оның мәні мен құндылығын негіздеу.
- Жобаны орындау жоспарын құру, мәселені шешу кезеңдерінің реттілігі.
- Зерттеу үшін материал жинау.
- Зерттеу жүргізу.
- Әрі қарай талдау үшін берілген тақырып бойынша статистика жинау.

Нақтырақ курстық жұмысты жазу кезеңдері мынаны қамтиды:

1. Таңдалған тақырыптың өзектілігін, оның мәні мен мақсат-міндетін негіздеу;
2. зерттеудің өзектілігін анықтау, объект пен пәнді бөлу, міндеттерді қою, зерттеу әдістерін таңдауды негіздеу;
3. зерттеу объектісінің жай-күйіне талдау жүргізу үшін қажетті нақты материалды іздеу және жинау;
4. зерттеу тақырыбы бойынша отандық және шетелдік әдебиеттерді, ғылыми және анықтамалық дереккөздерді талдау;
5. зерттеу объектісінің жай-күйі бойынша нақты материалды жүйелеу және ғылымда қалыптасқан жағдайды (үрдістерді) талдау;

6. зерттеу тақырыбына қатысты пікірталас мәселелері бойынша өз көзқарасын баяндау;
7. жүргізілген талдау негізінде тұжырымдарды сипаттау;
8. аяқталған жұмысты талаптарға сәйкес ресімдеу.

4. Курстық жұмыс құрылымы – бұл мәтінді қамтитын оның негізгі бөліктерінің орналасу реті. КР келесі құрылымдық элементтерден тұрады:

- титулдық бет;
- реферат;
- мазмұны;
- кіріспе;
- негізгі бөлім;
- қорытынды;
- пайдаланылған әдебиеттер тізімі;
- қосымша

Таңдалған тақырыптың өзектілігін көрсету үшін кіріспеде осы мәселе бойынша әдебиеттерге қысқаша шолу жасалады, әдетте, отандық және шетелдік әдебиеттерде осы бағыттағы ғылыми ойдың дамуының негізгі кезеңдерін ұсыну өте маңызды. Мәтіндік құжаттың негізгі бөлігінің бөлімдерінде теориялық сұрақтардың сипаттамалары келтіріледі, зерттелетін мәселе, дәлірек айтқанда, әдеби дереккөздерге талдау жасалады, зерттеудің міндеті іс жүзінде шешіледі. 2 беттен аспайтын қорытындыда орындалған зерттеу нәтижелерін қорытындылау керек. Алынған нәтижелер қорытынды ретінде тұжырымдалған міндеттерді шешуі шарт.

5. Курстық жұмыс (мәтіндік құжат) бір жарым аралықты қолдана отырып, Times New Roman 14 шрифтпен А4 форматында компьютер мен принтерді қолдана отырып, баспа әдісімен жүзеге асырылады. Азат жол 12,5 мм (5 белгіге тең) құрауы тиіс. Оның келесі өлшемдері сақталуы керек:

Сол жағы-30 мм;

Оң жағы-10 мм;

Жоғарғы және төменгі-20 мм.

Беттер араб цифрларымен нөмірленеді, бүкіл құжат бойынша толассыз нөмірлеуді сақтайды. Титулдық бет құжат беттерінің жалпы санына кіреді, бірақ нөмірленбейді. Нөмірлеу ортаға қойылады.

6. Дипломдық жұмыс құрылымы міндетті дизайн элементтерінен, сондай-ақ дипломның маңызды бөліктерінен тұрады:

- Титул парағы.
- Дипломдық жұмысқа тапсырма.
- Рецензия.
- Аңдатпа/авторреферат.
- Мазмұны.
- Қысқартулар тізімі

- Кіріспе.
- Негізгі бөлім.
- Қорытынды.
- Әдеби дереккөздердің тізімі.
- Қосымшалар.
- Электрондық диплом нұсқасы бар сандық медиа.

Титул беті – барлық маңызды деректерді қамтитын басты бет: университеттің атауы, зерттеу тақырыбы, оқытушы мен студенттің өзі. Ол дипломның көлемін есептеу кезінде ескеріледі, бірақ ешқандай жағдайда нөмірленбейді.

Кіріспе. Дипломның бұл бөлігі көлемі жағынан аз болса да, ең жауапты. Онда жұмыстың барлық мәні жазылған. Кіріспеде абзацтар жоқ, бірақ ол осы зерттеудің объектісі мен тақырыбын, мақсаттарын, міндеттері мен әдістерін дәйекті түрде көрсетеді.

Негізгі бөлім. Барлық дипломның 80%. Негізгі бөлімдегі тараулардың саны жұмыс тақырыбына байланысты. Бірақ кем дегенде екі тарау болуы керек. Әдетте дипломдық жұмыс үш тараудан тұрады. Біріншісі осы тақырып бойынша теорияға арналған. Екінші тарауда аналитикалық компонент ашылады. Үшінші тарау зерттеуді аяқтайды, алдыңғы екі тарауды қорытындылайды. Ол зерттеу барысында студент жасаған тұжырымдардың практикалық қолданылуы туралы айтады.

Қорытынды бөлімде қорытындылар мен нәтижелер, дипломдық жұмысты енгізуде қойылған сұрақтарға жауаптар жазылады.

Әдебиеттер тізімінде сіз процесте қолданылатын көздер туралы ақпарат беруіңіз керек. Оларды алфавиттік, тақырыптық немесе хронологиялық негізде сұрыптауға болады. Олар 15-20-дан кем болмауы керек.

Қосымша. Зерттеу барысында қажетті барлық сызбалар, суреттер, кестелер, графиктер және басқа да материалдар осы бөлімге орналастырылады.

7.

- Диплом жұмысы А4 форматындағы қағаздың парақтарында орындалады; Бакалавр дипломының ең аз жалпы көлемі (мөлшері) 60-тан 80 бетке дейін.
- Диплом мәтінін пішімдеу: сол жақтағы шегіністер-3 см, оң жақтағы шегіністер-1 см, жоғарғы және төменгі шегіністер – 2 см;
- диплом үшін стандартты шрифт мөлшері – Times New Roman, 14 кегль, жоларалық интервал 1-1, 5;
- диплом тақырыптары бас әріппен жазылып, жолдың ортасына орналастырылады.;
- дипломдық жұмыстың жаңа тармағы жаңа парақтан басталады, дипломдық жұмыста баға белгілеу кезінде тырнақша қолданылады;
- әр тараудың атауы бас әріптермен жазылады (яғни үлкен). Параграфтың атауы кіші әріптермен, бірақ бірінші бас әріппен жазылады;
- дипломдық жобаның барлық беттері ресімдеу кезінде нөмірленеді (титулдық парақ пен мазмұннан басқа);
- беттерді нөмірлеу беттің төменгі оң жақ бұрышына орналастырылады;

- тарау нөмірінен кейін нүкте қойылады, ал параграф нөмірінен кейін нүкте қойылмайды.

8.

Рецензия – білімнің бұл саласында құзырлы басқа адам берген ғылыми жұмысқа талдау жасалған және баға берілген жазбаша мәтін. Рецензияда жұмыстың сапасы, оның стандарттарға сәйкестігі, сонылығы, сондай-ақ автор алдына қойған мақсатқа жете алды ма екендігі бағаланады. Әдетте дәрежелі (ғылыми дәрежесі бар) адамдар, немесе басқарушы лауазымдардағы практикалық қызметкер рецензент бола алады. Рецензияда мынадай жүйелілік сақталуы тиіс:

- 1) рецензия кімнің жұмысына берілгенін көрсету (аты-жөні, жоо атауы, мамандықтың коды мен атауы, жұмыс тақырыбы);
- 2) рецензент лауазымының толық атауы / регалийлері, оның тегі, аты-жөнінің бірінші әріптері, қолы, жұмыс орнының мөрі;
- 3) ескертулер, яғни жұмыстағы кемшіліктер, олар бір жағынан, рецензенттің жұмысты оқығандығын және әлі де қай жаққа қарай өсу қажет екендігін көрсетеді, екінші жағынан, ескерту жұмыстың «тамырына балта шаппауға тиіс», яғни қатты сын айтылмау керек, оның сынына студент жауап бере алатындай болуы керек.